

**Қазақстандағы
трансұлттық мультисауаттылық: ұрпақаралық оқыту
қауымдастықтарының құрылуы**
<http://changingworldlanguage.com>

Доктор Нетти Бойвин

Жоғары білім беру мектебінің ассистент профессоры– Назарбаев Университет

VIII НЗМ Ғылыми-тәжірибелік Халықаралық Конференциясы

Астана, Қазақстан

27-28 Қазан 2016

Қысқаша мәлімет

- Технология дегеніміз – тілді, мәдениетті, этникалық ерекшеліктер мен әлемдік тәжірибені зерттеудегі жаһандық қарым-қатынас құралы болып табылады (Джи и Хайес, 2011).
- Осыған қарамастан Қазақстанның кейбір аймақтарында әлі де тұрақты жоғары жылдамдықтағы Интернет жоқ

Зерттеу мәселесі

- Біріктірілген жаһандандық саясаттың мәселелерін шешудің ең тиімді жолы
- Ауылдық жерлерде өмір сүретін халықтың қажеттіліктері және шектеулерімен байланысты мәселелер.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары білім берудің негізі болып табылады.

Қазақстанның шалғайдағы аудандарында мектепке дейінгі білім беру саласына жеткілікті түрде көңіл аударылмаған.

2014 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстан халқының 46,71% ауылдық жерлерде тұрады (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2014).

Қазақстанның ауылдық және шалғайдағы аудандарындағы мектепке дейінгі білім беру саласы бойынша жүргізілген зерттеулер барлық мәселелерді қамтымаған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының құрылысы бойынша мәселені шешу жолдарының бірі – оқыту қауымдастықтарын құру және сандық технологияларды жаппай жүзеге асыру

Жасы үлкен тәрбиешілердің қолданылмаған әлеуметтік-мәдени білім бар

Мәселенің басты мақсаты ауылдық жерлерде үш тілді білім беруді жүзеге асыру жолындағы қиындықтардың шешілу жолдарын табу.

Зерттеу сұрақтары

- Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда қандай әдістемелер қолданылады, оны кім жүзеге асырады және қандай модальдылық қолданылады?
- Қауымдастықтың мүдделі тараптары оқыту қауымдастықтарының мәселелерін сандық технологияларды енгізу арқылы шеше алады ма?

Мультисауаттылық: негізгі қағидалар

- Мектепке дейінгі білім беру бойынша пікірлер мен оқытудың жаңа түрімен байланысты әлеуметтік-мәдени көріністер
- Оқыту қауымдастықтары туралы тұжырымдама және білімнің ұрпақтан-ұрпаққа посткеңестік үш тілді мәнмәтінде берілуі
- Оқыту қауымдастықтарында білім алмасудың маңыздылығы

Мектепке дейінгі білім:

- Балалар мектепке алты немесе жеті жасында қабылданады
- Мектепке даярлау орталықтары сауаттылықты қалыптастыру тәсілін терең түсінбейді (Андерсон мен Помфрет, 2004).
- Оқу – оқылым және жазылым секілді дағдыларға қол жеткізу секілді нәтиже ЕМЕС
- Сыни ойлау, болжам, сөздік қорды байыту мен әңгіме құру
- Мұның барлығын үйде, мектепте сабақ басталғанға дейін, оқып-үйренуге болады (Ван Стинсел, 2006; Галиндо мен Шелдон, 2012)

Мультисауаттылық

- Қауымдастық аясында ауызекі тілді, отбасының қатысуы мен әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасты қамтитын әлеуметтік тәжірибе (Галиндо и Шелдон, 2012).
- Мысалы, ауызша сұрақтар, өлеңдер, саусақ ойындары мен басқа да осы секілді оқыту тәсілдері
- - мұның барлығы мектепте білім алуға дайындық болып табылады
- (Ван Стизал, 2006).
- Оқылым және жазылым бойынша үй тапсырмалары ЖОҚ
- ауызша, визуалды, ымдау арқылы жүргізілетін және әлеуметтік-мәдени оқыту - сыни ойлаудың негізі болып есептеледі
- Жаңа және негізгі әлеуметтік-мәдени модельдер меңгеріледі. Олар өз кезегінде тұлғаның қалыптасуына әсер етеді (Ван Стизал, 2006).

Білім алмасу

- Дәстүр бойынша білім ата-бабадан жас ұрпаққа беріліп келген (Грегори, 2012).
- Формалды білім дағдыларын зерттеу және әлеуметтік-мәдени біліммен алмасу
- Аға ұрпақ бойындағы білім өте маңызды (Беккер, 2010)
- Әңгімені дауыстап оқу немесе оны айту барысында ата-аналар көп жағдайда сұрақ қояды, дауыстарын өзгертеді немесе балалардан оқиға желісінің дамуы бойынша болжамдарын сұрайды (Кристанчо мен Вининг, 2009)
- Тек білім алмасып қана қоймай, қарым-қатынас жасау дағдыларын да меңгереді (Молегаард и Джегер, 2015).

Әдістеме: зерттеуді жоспарлау

- Бақылау жұмысы барысында қатыспау әдісі қолданды; бақылау жұмыс күндері қоғамдық жерлерде жүргізілді
- 20 қалада 487 бақылау жұмысы жүргізілді
- Мен бақылау жұмыстарын сәрсенбі мен жұма аралығында, әдетте таңғы сағат 8:30-дан кешкі сағат 6-ға дейін өткіздім
- Бұл жердегі басты мақсат ықтимал оқу мүмкіндіктерінің күнделікті оқу тәжірибесі мен сәттерін бақылау болды (Аббот-Чапман мен Робертс, 2015).
- Бақылау жұмыстары 2015 жылдың желтоқсан айынан 2016 жылдың шілде айы аралығында жүргізілді.

Бақылау жұмыстарын өткізу жерлері

- Ауылдар мен қала орталықтары
- Зерттеудің алғашқы бағалау кезеңі 200 сағат қатыспау арқылы жүзеге асырылған бақылауды қамтыды
- Саяжайлар, мұражай мен үкіметтік ғимараттар маңындағы саяжай аймақтары, тұрғын үй аймақтарындағы ойын алаңдары, сауда-саттық орталықтар, ірі супермаркеттер, қоғамдық тамақтану орындары, сондай-ақ сауда-саттық орындарындағы мұз айдындары секілді жабық және ашық қоғамдық орындар.

Зерттеу

- Жұмыс барысында Оңтүстік Қазақстандағы мектеп жасына дейінгі балалар (0-6 жас аралығындағы) мен олардың ата-анасының бойындағы мультисауаттылық дағдыларының түрлері, қарым-қатынасы мен жиілігі зерттелді
- 1) ұлттық, дамытатын және әлеуметтік тәжірибелерді қамти отырып білім алмасу
- 2) тұлғаны қалыптастырумен байланысты әлеуметтік-мәдени оқу
- 3) жаһандық ойын-сауық тәжірибелері

Бес талдамалы дәреже

- 1) түр
- 2) мақсат
- 3) ұзақтық
- 4) жиілік
- 5) модальдылық

Қарым-қатынас түрлері

- 1) вербалды - сөйлеу, өлең айту, айқайлау және т.б.,
 - 2) ымдау арқылы - қол, дене мен бет мимикасы
 - 3) екеуі де
-
- Түрлер 0-6 жас аралығындағы балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес дәрежелерге жіктелді.

Тәжірибенің мақсаттары төмендегілерді қамтыды

- 1) Жаһандық ойын-сауық
- 2) Әлеуметтік-мәдени оқу
- 3) Білім алмасу
- 4) Тәжірибенің болмауы

Дәреже	Қарым-қатынас түрі	Мысал	Тәжірибе түрі	Тәжірибе мақсаты
Ымдау арқылы	Нұсқау, тию, шапалақ соғу, нұку, қол бұлғау, қолмен беретін белгілер	Қағаз-қайшы-тас	Әлеуметтік-мәдени оқу	Ұлттық ойындар, өлеңдер, әңгімелер, ойыншықтар, жұмыс дәптерлері, қуыршақтар мен әзіл. Сонымен қатар, бұл жерге үлкендерді сыйлауды және қарым-қатынас жасаудың этникалық нормаларын үйрену жатады
Вербалды және ымдау арқылы	Екеуі де	Ку-ку	Жаһандық ойын-сауық	танымал өлеңдер, этникалық емес ойындар, этникалық емес әзіл (буффонада немесе бет-аузын тыжырайту бүкіл әлемде қолданылады), ойыншықтар (этникалық емес қару немесе қылыш, этникалық емес қуыршақтар, Лего, түрлі-түсті қарындаштар, этникалық емес бояу-кітапшалар), бүкіл әлемге танымал кейіпкерлермен қиялдағы ойын (Темірден жасалған адам немесе Икс адамдар)
		Аяқ киімнің бауын байлау	Білім алмасу	Аяқ киімнің бауын байлауды, заттарды ұстауды, киім киюді, тамақтануды үйрену. Сонымен қатар, балалардың ересек адамдардың мінез-құлық моделін меңгеруі

Модальдылық

- Тәжірибе модальдылығы ұялы телефондарды, кітаптарды, жұмыс дәптерлерін, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын, ойыншықтарды, аңдар тұлыбын, фигура мен технологияларды ҚАМТИДЫ (Каслер мен Келемен, 2007).
- ұялы телефон, ойын немесе компьютер секілді технологиялардың қолданылғанын көрген кезде ғана технологияға деген қолжетімділікті белгіледім
- Технологиялардың қолданылғанын байқамаған жағдайда «байқалған жоқ» (БЖ) кодының орнына, «қолжетімсіз» кодын ҚОЛДАНДЫМ

Жиілік пен ұзақтық

- Тәжірибенің жиілігі вербалды, вербалды емес және ымдау арқылы болған қарым-қатынастың санын есептеу арқылы анықталды
- оқыту қарым-қатынасының жиілігі
- қарым-қатынастар қай жерде орын алды, кіммен
- қандай формада
- технологияға қолжетімділік.

Қарым-қатынас ұзақтығы 1-ден 9-ға дейінгі сандармен белгіленген уақыт интервалдарына жіктелді

>1 минуттан аз =1

1-5 минут = 2

5-10= 3

10-15=4

15-20=5

20-25= 6

25-30= 7

30-35= 8

<40 минуттан көп =9

Алғашқы нәтижелер – әдістеме түрлері

- Баланың жасына байланысты
- Қатысушылардың басым көпшілігі жасы үлкен тәрбиешілер болды
- Қатыспау арқылы жүзеге асырылған қарым-қатынастың 90% жас аналармен болды
- Жасы үлкен кісілермен орын алған қарым-қатынас мәдени капитал және білім алмасуға негізделді
- Жас ата-аналармен орын алған қатынас көбінесе көңіл көтеру және кішкене білім алмасу мақсатында орын алды
- Жасы үлкен тәрбиешілер көбінесе мәдениетке қатысты мәселелерді оқытуда және кішкене көңіл көтеру мақсатында қатысты

Тәжірибелердің мақсаты

Қарым-қатынастың мақсаты төмендегілерді қамтыды:

- ойын-сауық(47%)
- мәдениетті оқу (53%)
- қарым-қатынас кезінде 142 бала тәрбиешіге сұрақ қойды
- 287 рет орын алған ойын немесе ойын-сауық сәттері кезінде 132 рет білім алмасу сәттері байқалды
- Тәрбиешімен қарым-қатынас жасау кезінде 402 рет әлеуметтік-мәдени оқыту сәттері байқалды
- Жоғарыда берілген деректердің негізінде мазмұнды оқытудың кейбір формалары пайда болып келе жатқандығын айтуға болады

Нәтижелер – географиялық айырмашылықтар

Қалалық және ауылдық жерлер

ҚАЛА:

- Мәдени оқу мен ойын-сауық әдістемесін қолдану % жоғарырақ
- қарым-қатынас жиілігі жоғарырақ
- әдістеменің алуын түрі қолданылады

АУЫЛ:

- Қарым-қатынас саны, түрі мен мақсаттары КЕМІГЕН
- оқытуының тек 20% әлеуметтік-мәдени бағытта болды – балалар аулада ойнады

Сандық технологияларға қолжетімділік

- Ұялы телефондар қолжетімді – смартфондар сирек кездеседі
- Интернет қолданылмайды – үйлер спутниктік телевидениеге қосылған
- Ауылдық жерлердегі халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы төменірек болғандықтан, интернет, сандық технологиялар тым қымбат дүниелер болып саналатын (Моңғолия, 2008).
- Оқыту қауымдастықтарын құру – модальдылық жергілікті аймаққа бейімделген болу керек. Мысалы, теледидар мен радионы қолдану.

Қорытынды

- Деректерді алғашқы бағалау негізінде ауылдық жерлерде жасы үлкен тәрбиешілерге назар аудару қажеттілігі анықталды
- Ауылдық жерлерде белсенді оқыту сәттері 20% кем қолданылды: аға ұрпақ білімінің кең таралуына жағдай жасау керек
- Формалды білім берудің экономикалық баламасы – тәрбиешілердің өздерінде қажетті әлеуметтік-мәдени капиталдың барына көздерін жеткізу